

Табиғи монополиялар жөніндегі консультативтік комитет туралы ереже туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 32 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 7 және 44-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар жөніндегі консультативтік комитет туралы ереже бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 28 маусымдағы "Табиғи монополиялар жөніндегі консультативтік комитет туралы" № 97 шешімінің 2-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

T. Сарқисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 24 сәуірдегі
№ 32 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Табиғи монополиялар жөніндегі консультативтік комитет туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Табиғи монополиялар жөніндегі консультативтік комитет (бұдан әрі – Комитет) Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ережеге (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) № 1 қосымша) сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) үшін табиғи монополиялар мәселелері бойынша ұсыныстар тұжырымдау және ұсынымдар әзірлеу мақсатында құрылады.

2. Комитет өз қызметінде Шартты, Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын басқа да халықаралық шарттар мен актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Комитеттің негізгі міндеттері

3. Комитеттің негізгі міндеттері Шарттың ережелерін табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу бөлігінде іске асыру мәселелері бойынша

консультациялар жүргізу және Комиссия үшін ұсыныстар мен ұсынымдар қалыптастыру болып табылады.

4. Өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін Комитет мынадай мәселелерді қарайды:

а) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері бойынша халықаралық шарттар мен Одақ органдарының актілерін іске асыру;

б) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) табиғи монополиялар саласындағы заңнамасын үндестіру және тиісті шараларды жүзеге асыру дәйектілігін айқындау;

в) мүше мемлекеттердің жақындастыруға жататын нормативтік құқықтық актілерінің тізбесін қалыптастыру;

г) Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (Шартқа № 20 қосымша) 20-тармағының 5-тармақшасына сәйкес жүргізілетін жұмыс нәтижелері туралы ақпарат дайындау.

III. Комитеттің құрамы

5. Комитеттің құрамы мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері құзыреттеріне жатқызылған мемлекеттік билік органдарының басшыларынан (басшыларының орынбасарларынан) және уәкілдеп отырылған (басшыларының орынбасарларынан) және уәкілдерінен, сондай-ақ мүше мемлекеттердің басқа да органдарының, бизнес-қоғамдастықтардың, ғылыми, қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен және өзге де тәуелсіз сарапшылардан қалыптастырылады.

6. Комитет құрамы Комиссия Алқасының өкімімен бекітіледі.

7. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері құзыреттіне жатқызылған Комиссия Алқасының мүшесі Комитет отырыстарына төрағалық етеді (бұдан әрі – Комитет төрағасы) және Комитет жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

8. Комитет төрағасы:

а) Комитет қызметіне басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттерді орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

б) Комитет отырысының күн тәртібін келіседі және бекітеді, оны өткізу күнін, уақытын және орнын айқындаиды;

в) Комитет отырысын жүргізеді;

г) Комитет отырыстарының хаттамаларын бекітеді;

д) қажет болған кезде Комиссия Алқасы мен Кенесін Комитет тұжырымдаған хаттамалық шешімдер туралы хабардар етеді;

е) жұмыс топтарын құру туралы шешімдер қабылдайды;

ж) Комитет мүшелерінің келісу бойынша Комитеттің жұмыс жоспарын қалыптастырады және бекітеді;

3) Комитет мүшесі болып табылмайтын адамдарды Комитет жұмысына (қажет болған кезде) тартады.

IV. Комитеттің жұмыс тәртібі

9. Комитеттің отырыстары қажет болуына қарай (соның ішінде Комитет мүшелерінің бастамасы бойынша) сирек дегенде жылына 2 рет өткізіледі.

10. Комитет тәрағасы болмаған жағдайда оның осы Ереженің 8-тармағында көзделген функцияларын Комитет қызметінің бағыттары жөніндегі мәселелер құзыретіне кіретін Комиссия департаментінің басшысы орындаиды.

11. Комитет отырысы күн тәртібінің жобасы, оның материалдары, сондай-ақ Комитет отырысының өткізілетін күні мен орны туралы ақпарат Комитет мүшелеріне тиісті отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей жіберіледі.

12. Комитет отырысы күн тәртібінің негізгі материалдары:

- а) қаралатын мәселелер бойынша анықтамаларды;
- б) қарауға ұсынылған құжаттардың (бар болған кезде) жобаларын;
- в) хаттамалық шешімдердің жобаларын;
- г) қажетті анықтамалық және талдамалық материалдарды қамтиды.

13. Комитет мүшелерінің ұсыныстары, соның ішінде Комитет отырысының күн тәртібіне енгізілмеген қосымша мәселелерді қарау туралы ұсыныстары және тиісті материалдар Комитет тәрағасына Комитет отырысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 15 күннен кешіктірілмей жіберіледі.

Комитет мүшелерінің келіп түскен ұсыныстары туралы ақпарат ұсыныстар түскен күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Комитет мүшелеріне жіберіледі.

14. Комитет мүшелері Комитет отырыстарына ауыстыру құқығынсыз жеке өздері қатысады.

Комитет мүшесінің отырысқа қатысуы мүмкін болмаған жағдайда ол Комитет тәрағасына отырыс өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша нысанда қаралатын мәселелер бойынша өз ұстанымын береді.

15. Комитет отырыстарының нәтижелері хаттамамен ресімделеді, оған Комитеттің отырысқа қатысқан мүшелері виза қояды және Комитет тәрағасы қол қояды.

16. Комитеттің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

17. Комитет отырысы хаттамасының көшірмесі қол қойылған күнінен бастап 3 жұмыс күні ішінде Комитет мүшелеріне таратылады, түпнұсқа Комиссияның Көлік және инфрақұрылым департаментінің табиғи монополиялар бөлімінде сақталады.

18. Комитет отырыстары әдетте Комиссияның үй-жайларында өткізіледі.

Комитет отырысы Комитет тәрағасының Комитет мүшелерінің ұсыныстары негізінде қабылданатын шешімі бойынша мүше мемлекеттердің бірінде өткізілуі де мүмкін. Бұл жағдайда қабылдаушы мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комитет отырысын ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдеседі.

Комитет төрағасының шешімі бойынша Комитет отырысы бейнеконференция режимінде өткізілуі де мүмкін.

19. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының уәкілетті өкілдерінің Комитет отырыстарына қатысуға байланысты шығыстарын оларды жіберуші мүше мемлекеттер көтереді.

Бизнес-қоғамдастықтың, ғылыми және қоғамдық ұйымдар өкілдерінің, өзге де тәуелсіз сарапшылардың Комитет отырыстарына қатысуға байланысты шығыстарын аталған адамдар өз бетінше көтереді.

20. Комитеттің қызметін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді Комиссия жүзеге асырады.

21. Комитет қызметін тоқтатудың негізі Комиссия Алқасының шешімі болып табылады.